

**"Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы
" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 501
Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының
Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1648 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарын оңтайландыру жөніндегі шаралар
туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 501
Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының
Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына
енгізілсін.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы «Мемлекеттік
қызметшілердің лауазымдарын оңтайландыру жөніндегі
шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы
28 желтоқсандағы № 501 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру
енгізу туралы**

Атқарушылық іс жүргізу жүйесін жетілдіру және мемлекеттік сот
орындаушыларының мәртебесін арттыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарын оңтайландыру жөніндегі шаралар
туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 501
Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 49, 599-құжат; 2008 ж.,
№ 9, 89-құжат; 2009 ж., № 12, 69-құжат; 2010 ж., № 51, 466-құжат; 2011 ж., № 37, 438-
құжат; № 52, 710-құжат; 2012 ж., № 42, 551-құжат; № 58, 793-құжат) мынадай
өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер
лауазымдарының санаттары бойынша тізілімде:

«С санаттарының тобы» бөлімінде:

С-О-3 санаты мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Аумақтық бөлімнің жетекшісі – аға сот орындаушысы»;

С - О - 4 с а н а т ы н д а :

«Аумақтық бөлімнің жетекшісі – аға сот орындаушысы» деген жол мынадай

редакцияда

жазылсын:

«Сот орындаушысы»;

С-О-5 санатында «Сот орындаушысы» деген жол алып тасталсын.
2. Осы Жарлық 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

*Қазақстан Республикасының
Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ